ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 8 қаңтар Іс №1513-23-00-2/3173 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Е.Мукашеваның,
сот отырысының хатшысы Б.И.Калиеваның қатысуымен,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық арнаулы санаторлық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор Ж.Қанатбаева
талап қоюшының өкілі Н.А.Елемес

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 19 қаңтарда «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық арнаулы санаторлық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (өнім беруші) арасында «конкурстың қорытындылары туралы жасалған хаттама негізінде тауарларды жеткізу» бойынша №8 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 28 755 018,77 теңгеге азық-түлік өнімдерін тауарларын 2023 жыл бойына қаңтар-желтоқсан айларында жеткізуге тиіс болған.

Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2023жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шартқа деректемелерді өзгертулермен сәйкес, №1,2 қосымша келісімшарттары жасалған.

Шарт және оған қосымшалар қазынашылық органында тіркелген.

Өнім беруші техникалық ерекшелікке сәйкес және Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша азық түліктерді жеткізіп отырған. №1-31 өтінімдері уақытылы орындалған.

2023 жылғы 7 қазанда жолданған өтінімнің орындалу мерзімі 2023 жылғы 10 қазан деп белгіленген. Азық түлік кешіктіріліп жеткізілген, ол жөнінде Тапсырыс берушімен 2023 жылғы 11 қазанда акт жасақталған.

2023 жылғы 14 қазандағы өтінімнің орындалу мерзімі 2023 жылғы 16 қазан деп белгіленген. Алайда, тауар уақытылы жеткізілмей, азық түлікті жеткізу бойынша міндеттемелер орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер «Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және одан 373 815 теңге 26 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлды өндіруді талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкермен шарттық міндеттемелердің ішінара орындалғанын, 2023 қазан айында азық-түлік өннімдері кешіктіріліп жеткізіліп отырғанын, одан соң азық-түлік өнімдерін жеткізу мүлдем тоқтатылғанын айтып, талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, оны толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер атынан өкіл сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Мұқашева С. Е., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024 сулья Мукашева С. Е., 19.02.2024

1513-23-3-1/3616

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемені орындамаған.

Сотта анықталғандай, жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес азық-түлік өнімдерін жеткізуге міндеттелген. Тапсырыс беруші №1-33 өтінімдерін жолдаған.

Тараптар арасында 2023 жылғы қаңтар-қазан айларында №1-26 тауарды қабылдап алу-беру электрондық актілері бекітілген.

Сотта, №32-33 өтінімдер бойынша азық-тұлік өнімдері кешіктіріліп жеткізілгені, бұдан соң мүлдем жеткізілмей, жауапкермен шарттық міндеттеме бойынша талаптардың бұзылғаны анықталды.

Тараптар арасында жасалған №8 мемлекеттік сатып алу шарты 2023 жылғы 11 қарашада алдын-ала ескерту хатын жолдай отырып, Тапсырыс берушімен біржақты бұзылған.

Талап қоюшы тарапынан сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған, шарттық міндеттеме 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса есептеген күнге дейін орындалу қажет болған. Талап қоюшыға шарт талаптарының бұзылғаны 2023 жылғы 11 қазанда белгілі болған, сотқа талап қоюмен 2023 жылғы 9 қарашада жүгінген.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 15.01.2024

Электрондық нұсқасы 19.02.2024 сұлия Мукашева С. Е., 19.02.2024

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстапқалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2023 жылғы 11 қазаннан бастап 2023 жылғы 23 қазанды қоса алған күнге дейін 13 күнге 28 755 018,77*0,1%*13 күн=373 815 теңге 26 тиынды құрайды.

Сот талап қоюшының есебін дұрыс емес деп санайды.

Сотта және тіркелген іс материалдарынан анықталғандай, шарттық талаптар жауапкермен ішінара 17 140 840 теңге 21 тиынға орындалған. Соттың есебі бойынша, тұрақсыздық айыппұлдың мөлшері 2023 жылғы 11 қазаннан бастап 2023 жылғы 23 қазанды қоса алған күнге дейін 13 күнге орындалмаған жұмыстардың құны 11 614 178,56*0,1%*13 күн=150 984 теңге 21 тиынды құрайды.

Демек, жауапкерден мемлекет пайдасына 150 984 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл және жергілікті бюджетке 4 529 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Облыстық арнаулы санаторлық мектеп-интернаты»

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, сулы Мукашева С. Е., 19.02.2024

1513-23-3-1/3616

коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 150 984 (бір жүз елу мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер «Құрылыс-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 6 254 (алты мың екі жүз елу төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 15.01.2024

1513-23-3-1/3616